

**"Өңірлерді дамытудың 2020 жылға дейінгі бағдарламасын бекіту туралы"  
Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 28 маусымдағы № 728  
қаулысына өзгеріс пен толықтыру енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 24 сәуірдегі № 284 қаулысы.  
Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 16 қарашадағы  
№ 767 қаулысымен.

**Ескерту. Күші жойылды – ҚР Үкіметінің 16.11.2018 жылғы № 767  
қаулысымен.**

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Өңірлерді дамытудың 2020 жылға дейінгі бағдарламасын бекіту туралы"  
Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 28 маусымдағы № 728  
қаулысына мынадай өзгеріс пен толықтыру енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Өңірлерді дамытудың 2020 жылға дейінгі  
бағдарламасында:

көрсетілген Бағдарламаға 3-қосымшада:

"Тұрғын үй құрылысын жүзеге асыру тетігі" деген бөлімнің "1. Мемлекеттік  
қолдау шаралары" деген кіші бөліміндегі тұрғын үй құрылысының бағыттары  
мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Әлеуметтік инфрақұрылымды одан әрі дамыту мақсатында сәулет, қала  
құрылысы және құрылыс саласындағы белгіленген мемлекеттік нормативтерге  
сәйкес келетін жобалар бойынша бірінші қабаттарында әлеуметтік мақсаттағы  
объектілерді (балабақшаларды, балалардың шағын-орталықтарын, емханаларды  
және басқаларды) орналастыра отырып, тұрғын үйлер салуға жол беріледі.";

"2. Тұрғын үйді өткізу тетігі" деген бөлімнің "3. Бағдарламаға қатысушыларға  
тұрғын үйді өткізу шарттары" деген кіші бөлімінде:

3-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Аудан орталықтарында, қалаларда, республикалық, облыстық маңызы бар  
қалаларда, астанада үміткерлерден өтініштер мен құжаттар қағаз жеткізгіште  
немесе "электрондық үкіметтің" веб-порталы арқылы қабылданады, ауылдық  
елді мекендерде, кенттерде - қағаз жеткізгіште ауылдық округтердің (ауылдардың,  
кенттердің) әкімдері қабылдайды. 2015 жылғы 1 қазаннан бастап  
аудан орталықтарында, қалаларда, республикалық, облыстық маңызы бар  
қалаларда, астанада үміткерлерден өтініштер мен құжаттар "электрондық  
үкіметтің" веб-порталы арқылы ғана қабылданады."

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

К.Мәсімов

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК